

**«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР
АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ
МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ
МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ МАМАНДАРЫНА
АРНАЛҒАН ЖҰМЫС АЛГОРИТМІ»**

Құлан ауылы 2019

**Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
мақсатында 2019-2020 оқу жылындағы
білім беру мекемелерінің мамандарына арналған
ЕРЕЖЕСІ (АЛГОРИТМІ)**

2. Осы Ереженің (Алгоритмнің) іс-шаралары, орындалу мерзімі, орындауға жауапты ұлғалар, аяқталу нысаны, қосымшалары, мектеп инспекторларының есептік формалары, жұмыс тиімділігінің индикаторлары оның құрамдас бөліктері болып табылады.

№	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімділігі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны	Ескерту
1	Мектеп инспекторларының қамқоршылық кеңестер алдында есеп беру кестесін жасау және бекіту.	Токсан сайын	Білім бөлімінің тәрбие инспекторы-Г. Ногайбаева	Мектеп инспекторларының қамқоршылық кеңестер алдында есеп беру кестесі	Білім беру мекемелеріне тарату
2	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту.	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Білім бөлімінің тәрбие инспекторы-Г. Ногайбаева Мектеп директорлары	Бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту. Аудандық білім бөліміне ұсыну.	

3	Құқықтық тәрбие кеңесінің құрамын бекіту, кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Қыркүйек 2019-2020 оқу жылы	Директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Аудандық білім бөліміне тоқсан сайын мәлімет ұсыну	Құқықтық кеңес отырысында қарау
4	Жас полиция көмекшілері жасақтарының жұмысын үйлестіру	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Директордың тәрбие, құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары		Тақырыптық іс-шаралар өткізу
5	Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы аясында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын үйлестіру. Іс-шаралар жоспарын бекіту.	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары		Жоспарға сәйкес, оқушылар мен ата-аналармен іс-шаралар өткізу
6	Білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық есірткі бизнесімен айналысуға қарсы күрестің алдын алуға арналған іс-шаралар жоспары және наркобекет құрманың жұмысын үйлестіру	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Мектеп психологы		Жоспарға сәйкес, оқушылар мен ата-аналармен іс-шаралар өткізу

7	Жалпыға міндетті оқумен қамту шараларының жұмысын үйлестіру	Жылына екі рет 2019-2020 оқу жылы Қыркүйек, қаңтар	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары		
8	Білім беру мекемелерінде дін саласындағы ақпараттық-ағарту жұмыстарын үйлестіру. Діни ағымға тартылған оқушыларды анықтау	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары		Жоспарға сәйкес, оқушылар мен ата-аналармен іс-шаралар өткізу
9	Балалар мен жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу, девиантты мінез-құлықты балалар, қауіпті топтағы балаларды анықтау	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Мектеп психологы	Аудандық білім бөліміне тоқсан сайын мәлімет ұсыну	
10	Тұрмысы қолайсыз отбасыларының, девиантты мінез-құлықты балалардың, тәртібі қиын, құқық бұзушылық жасауға бейім агрессивті мінез-құлықтағы балалардың тізімін қалыптастыру.	Тұрақты, 30-31 күндері	Мектеп психологы Сынып жетекші	Мәліметтер базасын ұсыну.	-Есепке алынған жасөспірімдерге тәлімгер бекіту; -Үй-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісін жүргізу; -Қандай көмекке мұқтаж екендігін анықтау; -Бос уақытын ұйымдастыру; -Үйірмелерге қамту; -Психологиялық-медициналық көмек беру; -Әлеуметтік көмек көрсету; -«Бейімдеу шаралары», «Оңалту шараларын» ұйымдастыру

11	Тұрмысы қолайсыз отбасыларының, девиантты мінез-құлықты балалардың, тәртібі қиын, құқық бұзушылық жасауға бейім агрессивті мінез-құлықтағы балалармен түзету-профилактикалық жұмыстарын жүргізу.	Тұрақты, әр айдың 30-31 күндері	Директордың тәрбие, құқық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мектеп психологы, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекші, Медбике	Аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	
12	Оқушылардың күнделікті сабаққа келуін бақылау және сабаққа келмеген балалардың себебін анықтау.	Күн сайын, сағат 08.00-де, 14.00-де кешкі 19.00-де бақылау	Мектеп директоры Сынып жетекші	Аудандық білім бөліміне әр айдың 30-31 күндері мәлімет ұсыну	Анықталған балалардың ата-аналарымен әңгіме түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
13	Білім мекемелерінде сабаққа дәлелсіз себептер бойынша келмейтін немесе қатыспайтын мектеп жасындағы балаларды жүйелі түрде анықтауға және есепке алуға бақылауды күшейту, сабақтан 10 күннен артық қалған оқушылар туралы мәлімет алмасу.	Тұрақты, әр айдың 30-31 күндері	Білім бөлімінің тәрбие инспекторы-Г.Ногайбаева Директордың тәрбие, құқық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	
14	Құқық бұзушылықтар және қоғамға қарсы өзге де әрекеттер жасайтын, алкогольдік ішімдіктерді, психотроптық және есеңгірететін заттарды пайдаланатын білім алушыларды анықтау және бұл туралы аудандық білім бөліміне дереу хабарлау.	Анықталған сәттен бастап	Мектеп директоры	Аудандық білім бөліміне жазбаша хабарлама ұсыну	Алдын алу шараларын жүргізу (тиісті жоспарға сәйкес)

15	Мектеп инспекторларының қамқоршылық кеңестер алдында тоқсан сайын есеп беру	Тоқсан сайын	Мектеп директоры, Әлеуметтік педагог	Аудандық білім бөліміне хаттама ұсыну Әр айдың 30-31 күндері	Қамқоршылық кеңес алдында құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың мәселелерін қоса қарау
16	Мектептерде бекітілген жоспарға сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шараларын өткізу	Тұрақты	Мектеп директоры, Директордың тәрбие, құқық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мектеп психологы, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекші	Аудандық білім бөліміне ай сайын мәлімет ұсыну 30-31 күндері	Мобильді топ мүшелері, мектеп инспекторлары, ата-аналар комитетінің т.с.с өкілдерінің қатысуымен кездесулер тоқсан сайын өткізу.
17	Жайсыз отбасылардың нақты саны мен қиын өмірлік жағдайға душар болған отбасылар санын анықтау нәтижесімен: -әрбір отбасыға әлеуметтік төлқұжат жасау (отбасы құрамын, балалар санын, әлеуметтік жағдайын, отбасыда мүмкіндігі шектеулі тұлғаның бар-жоқтығын, кіріс көздерін, жұмыс орнын және т.б.) -аталған отбасыдағы балалар тізімін жасау, отбасын профилактикалық есепке алу;	Тоқсан сайын 30-31 күндері	Әлеуметтік педагог	Тоқсан сайын аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	Есепке алынған жасөспірімдерге тәлімгер бекіту; -Үй-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісін жүргізу; -Қандай көмекке мұқтаж екендігін анықтау; -Бос уақытын ұйымдастыру; -Үйірмелерге қамту; -Психологиялық-медициналық көмек беру; -Әлеуметтік көмек көрсету; -«Бейімдеу шаралары», «Оналту шараларын» ұйымдастыру

18	Өмірлік қиын жағдайға тап болған, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға уақтылы әлеуметтік және өзге де көмек көрсетуге бағытталған нақты алдын алу шараларын іске асыруды қамтамасыз ету	Тұрақты	Мектеп психологы, Әлеуметтік педагог Сынып жетекші	Тоқсан сайын аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	
19	Білім алушылармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен профилактикалық әңгімелесулер жүргізу, олардың тұрғылықты жеріне бару жағдайлары	Тоқсан сайын	Сынып жетекші, Әлеуметтік педагог	Тоқсан сайын аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	
20	Жазғы демалыс кезіңінде кәмелетке толмағандардың, оның ішінде ішкі істер бөлімінің есептерінде тұрған және қолайсыз отбасыларында тұратын балалардың бос уақытын ұйымдастырылуын, жазғы сауықтыру лагеріне қамтылуын қамтамасыз ету	Каникул кездері	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші	Білім бөліміне мәлімет ұсыну	-Түрлі сауықтыру іс-шараларға қамту; -Спорттық іс-шараларға; -Үйірмелерге қамту; т.с.с
21	Мектеп оқушыларымен жас ерекшеліктеріне сәйкес сауалнамалар жүргізу Нәтижесімен: -Зорлық зомбылықты, ақша бопсалауды анықтау; Девиантты мінез-құлықты анықтау; Діни ағымға тартылған оқушыларды анықтау; Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерттеу	Ай сайын	Мектеп психологы	Аудандық білім бөліміне әр айдың 30-31 күндері анықтама ұсыну	Алынған сауалнамалардың қорытындысы бойынша коррекциялық алдын алу жұмыстарын жүргізу
22	Аудандық, мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдермен профилактикалық-түзету жұмыстарын жүргізу.	Ай сайын	Мектеп психологы, бекітілген тәлімгер	Тоқсан сайын аудандық білім бөліміне мәлімет ұсыну	Бекітілген жоспарға сәйкес тиісті іс-шаралар өткізу

23	Білім беру мекемелерінен әр сынып бойынша оқушылардың «Әлеуметтік төлқұжатын» жинақтау.	Жылына екі рет 2019-2020 оқу жылы	Әлеуметтік педагог, Сынып жетекші	Аудандық білім бөліміне мәліметтер базасын жинақтау	Әр сынып бойынша мектеп оқушыларының төлқұжатын жинақтау. Тізім бойынша тиісті жұмыстар жүргізу.
24	Білім беру ұйымдарында оқушыларға арналған «Қауіпсіз маршрут» сызбасын құру.	Жыл бойы 2019-2020 оқу жылы	Сынып жетекші	Білім бөліміне мәлімет ұсыну	Әр сынып оқушыларына үйден мектепке, мектептен үйге қайту маршрут сызбасын құру, бекіту.
25	Білім беру мекемелерінде түрлі діни ағымдарға тартылған оқушылар туралы мәлімет алмасу.	Жылына екі рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы	Білім бөліміне жылына екі рет мәлімет ұсыну	Орамал тағатын оқушылармен алдын алу жұмыстарын жүргізу.
26	Мерекелік күндері, сабақтан жалтарған, қаңғыбастыққа салынған жасөспірімдерді анықтау мақсатында рейд ұйымдастыру.	2019-2020 оқу жылында Қыркүйек, желтоқсан, қаңтар, наурыз, мамыр айларында	Бекітілген педагог қызметкерлер	Білім бөліміне тоқсан сайын мәлімет ұсыну	көңіл көтеру орындары мен компьютерлік клубтарда, сондай-ақ, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз тұрғын үйлерден тыс жерлерде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау үшін оперативтік алдын алу іс-шараларына қатысу

27	<p>Оқыс оқиға орын алған жағдайда, сынып жетекші өз кезегінде мектеп директорына шұғыл хабарлама жасауы тиіс. (сынып жетекшілер күнделікті, апта күніне карамастан жасөспірімдердің ата-аналарымен байланыста болуы шарт)</p>	<p>Орын алған жағдайда</p>	<p>Сынып жетекші</p>	<p>Аудандық білім бөліміне хабарлау</p>	<p>Шұғыл хабарлама жасау, ақпарат ұсыну</p>
----	---	----------------------------	----------------------	---	---

Оқушыларды мектепішілік есепке алу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Негізгі ережелер

1.1. Оқушыларды мектепішілік есепке алу тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңына, Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңына сәйкес әзірленді.

1.2. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңына сәйкес, білім беру ұйымдары өз құзіреттері бойынша балалар мен жастардың ассоциалдық мінез-құлқының алдын алу жөніндегі кешенді іс-шараларды іске асыруға қатысады.

1.3. Осы Ереже білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының сапасын жақсарту үшін объективті шарттарды жасау, білім алушылардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын күшейту мақсатында әзірленді.

Оқушыларды мектепішілік есепке алу (профилактикалық есепке алу) негіздері

**Жоғары «тәуекел»
топтары**

Орта «тәуекел»
топтары

Төмен «тәуекел»
топтары

«ТӘУЕКЕЛ» ТОПТАРЫ

- **ТӨМЕН «ТӘУЕКЕЛ» ТОПТАРЫ:**
- 1) САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ;
- **ОРТА «ТӘУЕКЕЛ» ТОПТАРЫ:**
- 2) СЕБЕПСІЗ САБАҚҚА КЕЛМЕУ НЕМЕСЕ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚАТЫСПАУ;
- 3) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ ЖӘНЕ ОРЫНДАМАУ;
- 4) МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ БОЛУЫ.

«ТӘУЕКЕЛ» ТОПТАРЫ

● ЖОҒАРЫ «ТӘУЕКЕЛ» ТОПТАРЫ:

- 5) Әлеуметтік қауіпті жағдай: қадағалаусыздық пен панасыздық, қаңғыбастыққа салыну, қайыр тілеу;
- 6) Психоактивті, токсиндік заттарды, спирттік ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу.
- 7) Мектеп оқушысының өзінен кішілерге, қатарластарына әлімжеттік пен зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауы, бопсалау, ақша жинау фактілері;
- 8) Әкімшілік құқық бұзушылыққа әкеліп соғатын құқық бұзушылықты жасауы.
- 9) Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына байланысты немесе психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасаған;
- 10) Полиция бөлімдерінде есепке алынған;

2. Оқушыларды мектепшілік сепке алу (профилактикалық есепке алу)

2.1. Оқушыларды мектепшілік есепке алу (профилактикалық есепке алу) негіздері төмендегіше:

Төмен «тәуекел» топтары:

1) Сабақ үлгерімінің төмендеуі;

Орта «тәуекел» топтары:

2) Себепсіз сабаққа келмеу немесе жүйелі түрде қатыспау;

3) Білім беру ұйымының Жарғысының талаптарын бұзу және орындамау;

4) Мектеп оқушысының агрессивті мінез-құлқының болуы.

Жоғары «тәуекел» топтары:

5) Әлеуметтік қауіпті жағдай: қадағалаусыздық пен панасыздық, қаңғыбастыққа салыну, қайыр тілеу;

6) Психоактивті, токсиндік заттарды, спирттік ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу.

7) Мектеп оқушысының өзінен кішілерге, қатарластарына әлімжеттік пен зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауы, бопсалау, ақша жинау фактілері;

8) Әкімшілік құқық бұзушылыққа әкеліп соғатын құқық бұзушылықты жасауы.

9) Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына байланысты немесе психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасаған;

10) Полиция бөлімдерінде есепке алынған;

2.2. Оқушыларды есепке алуды тіркеу осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі. (Оқушыларды мектепшілік есепке алуды тіркеу журналы).

2.3. Мектепшілік есепке алынған оқушыларға қатысты әрекет ету алгоритмі осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

2.4. Оқушыларды мектепшілік есептен шығаруға оқушылар мен колледж студенттерінің сабақ үлгерімі мен тәртібінің жақсаруы және осы Ереженің 2.1. тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көзделген негіздердің жойылуы болып табылады.

3. Тұрмысы қолайсыз отбасыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізу және есепке алу

3.1. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасыларымен (Тұрмысы қолайсыз отбасылары) профилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында олар мектепішілік (колледжішілік) есепке алынады.

3.2. Тұрмысы қолайсыз отбасыларды тіркеу осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі. (Тұрмысы қолайсыз отбасыларды тіркеу журналы).

3.3. Оқушылар (колледж студенттері) тәрбиеленіп жатқан отбасыларын тұрмысы қолайсыз отбасыларының есебінен шығаруға олардың түзелуі негіз болып табылады.

3.4. Баланың өмір сүру және тәрбиелену жағдайларын зерттеу АКТ негізінде осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес мектепішілік (колледжішілік) есепке алынған оқушылардың (колледж студенттерінің) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жеке жоспары жасалады.

3.5. Жеке жоспарды мектептердегі (колледждердегі) құқық бұзушылықтың алдын жөніндегі кеңестің және мобильді топтардың арнайы бекітілген мүшелері толтырып, орындалуын қамтамасыз етеді.

3.6. Мектептердегі (колледждердегі) құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің және мобильді топтардың мүшелері арнайы бекітілген кестеге сәйкес есепке алынған кәмелетке толмағандардың мекен-жайлары бойынша ай сайын рейдтік іс-шаралар ұйымдастырады және отбасының қандай көмекке мұқтаж екендігін анықтап, тиісті мекемелерге хат жолдайды.

Девиантты және агрессивті мінез-құлықты, құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға бейім жасөспірімдермен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастырады.

3.7. Тұрмысы қолайсыз отбасыларына көрсетілген көмектер жөніндегі ақпарат жүйелі түрде ай сайын білім бөлімдеріне ұсынылады.

4. Есепке алуды бақылау және жауапкершілік

4.1. Оқушыларды мектепішілік есепке алу (профилактикалық есепке алу) және есептен шығару, сонымен қатар, тұрмысы қолайсыз отбасыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізу және есепке алу, есептен шығару, тиісті құжаттарын рәсімдеу білім беру ұйымының бұйрығымен тағайындалатын профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның ұсынуы бойынша білім беру ұйымының құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің шешімімен жүзеге асырылады.

4.2. Мектепішілік есепте тұрған жасөспірім басқа мектепке ауысқан немесе техникалық және кәсіптік, ЖОО оқуға түскен жағдайда егер тәртібі түзетілмесе ауысқан мектебіне немесе түскен оқу орнына міндетті түрде 1 апта ішінде хабарланады.

4.3. Осы Ережеге сәйкес тиісті профилактикалық шаралардың жүргізілуін бақылау білім беру ұйымының басшысына жүктеледі.

Мектепшілік есепке алынған оқушыларға қатысты әрекет ету алгоритмі

№	Іс-әрекет бағыты	Жауапты тұлға
1	Мектепте сабаққа келмеген оқушылар (студенттер) туралы ақпарат жинақтау; Жалпымектептік дәптерге жазу;	Сабақ басталғанға дейін білім беру ұйымы басшысының тәрбие және құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасары, мектеп инспекторы; Пән мұғалімдері 1-ші сабақтан соң;
2	Баланың сабаққа келмеу себептерін, проблемаларын анықтау: - баланың сыныптастарымен (әңгімелесу); - ата-аналарымен әңгімелесу, жаңұяға бару;	Сынып жетекшісі (куратор); Мектеп инспекторлары.
3	Баланың өмір сүру жағдайы бойынша баламен жеке жұмыс жүргізу: - әңгімелесу; - тестілеу; - проблемаларды классификациялау; - ұсыныс беру; - сынып жетекшісіне; - баланың өзіне; - ата-аналарға;	Мектеп (колледж) психологы;
4	Баланың проблемаларын шешу бойынша қызметті ұйымдастыру: - ата-аналармен сенімгерлік қатым-қатынас орнату; Қызметті ұйымдастыруды келісу (мектеп (колледж) Жарғысымен таныстыру, Ата-аналармен жасалған келісім-шартты, құқықтары мен міндеттерін таныстыру: - оқушылармен (студенттермен) жеке жұмыс жүргізу (қосымша біліммен қамту); - мектепшілік (колледжішілік) есепке алу, қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыс (ата-аналар комитеті, мектеп (колледж) кеңесі, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі т.с.с);	Білім беру ұйымының тәрбие ісі және құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарлары, қосымша білім беру педагогтары, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері;
5	Жұмыс нәтижесін бақылау: - құжаттарды толтыру (тізімдер, жеке карточкалар, жанұяның әлеуметтік паспорты, жалпымектептік (жалпыколледждік) дәптер және т.б.); - Қажетті актілерді жасау (Оқушылардың (студенттердің) мінез-құлық ережелері т.с.с); - жауапты тұлғалардың атқарылған жұмыстар және оның нәтижелері туралы есебі;	Функционалдық міндеттеріне сәйкес: - сынып жетекшісі; - тәрбие ісі және құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарлар; - әлеуметтік педагог;
6	Педагог кадрлар қызметін ынталандыру жүйесін дамыту;	Білім беру ұйымдарының басшылары
7	Тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының нәтижелі тәжірибесін зерттеу, тарату;	Тәрбие ісі және құқықтық тәрбие жөніндегі орынбасарлар;
8	Диагностика қорытындысы бойынша шешім қабылдау;	Білім беру ұйымының әкімшілігі

Кәмелетке толмағанның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жеке жоспары

Кәмелетке толмағанның аты-жөні:

Туған жылы, айы, күні _____ Оқу орны, сыныбы _____

Мекен-жайы: _____

Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің аты-жөні, отбасылық жағдайы:

Кәмелетке толмағанның әлеуметтік қауіпті жағдайының негізгі көрсеткіштері мен сипаттамасы:

Жауапты адамдардың қолдары: _____

Көмек түрі	Көмек көрсету мерзімдері	Көмек көрсетуге жауаптылар	Нәтижелер
Әлеуметтік			
Педагогикалық			
Психологиялық			
Түзету			
Құқықтық			
Көмектің өзге түрлері			

**Назарларыңызға
рахмет!**

